«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

071400, Абай облысы, Семей қаласы
Абай Құнанбаев көшесі, 76 үй
Тел.: 8 7222 35 54 41
upravleniye.obrazovaniya@akimatabai.gov.kz

_____№_____

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ АБАЙ»

071400, область Абай, город Семей,
улица Абая Кунанбаева, дом 76
Тел.: 8 7222 35 54 41
upravleniye.obrazovaniya@akimatabai.gov.kz

Қалалық/аудандық білім бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім беру ұйымдарының басшыларына

Абай облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2026 жылғы 24 шілдедегі № 08-4-2-08-4/5168-И хаты негізінде келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына көрсетілетін қаржылық және материалдық көмекті алушылардың қатарына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар жатады.

Бүгінгі күні Оқу-ағарту министрлігімен аталған санатқа жататын балаларды анықтау мақсатында «Ұлттық білім беру дерек қоры» цифрлық жүйесін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің цифрлық жүйесімен отбасының жан басына шаққандағы табысын есептеу бөлігінде интеграциялау бойынша жұмыстар жүргізіліп, білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтер үшін аталған санат бойынша деректерді цифрлық жолмен алу мүмкіндігі іске асырылғанын хабарлаймыз.

«Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету кезінде қызметтерді алушылардан мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын **ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттар сервисінен алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.**

Осыған байланысты ҰБДҚ-да жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар туралы мәліметтерді алу жөніндегі нұсқаулықты білім беру ұйымдарының назарына жеткізу және жұмыста қолдану үшін жолдаймыз.

Қосымша: 6 парақта.

Басшының орынбасары **Т. Қалелов**

Орын.М. Айтказина 87477274090-1

Отдел образования города Семей Область Абай - Уважение и доверие